

"QazGeology" жауапкершілігі шектеулі серітестігіне қатты пайдалы қазбаларды барлау үшін қауымдық сервитут белгілеу туралы

Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 21 қаңтардағы № 12 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17, 69 және 71-1 баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес Мойынқұм ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "QazGeology" жауапкершілігі шектеулі серітестігіне Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Талдыөзек жер қоры жерінен жалпы алаңы 3882,9087 гектар жер учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау үшін жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2030 жылдың 24 қаңтарына дейінгі мерзімге қауымдық сервитуті белгіленсін.

2. "QazGeology" жауапкершілігі шектеулі серітестігі қатты пайдалы қазбаларды барлаудан келтірілген шығынды толық көлемде өтеуді қамтамасыз етсін және қатты пайдалы қазбаларды барлау жұмыстары аяқталғаннан кейін бүлінген жерді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Карентаев